



ХҒТАР 10.85.51

Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6844-2024-148-3-175-190>

## Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы заңнаманы бұзғаны үшін заңды жауапкершілік

Б.А. Жусипова<sup>1</sup>, А.Б. Сопыханова<sup>2</sup>, Н.Ө. Ыбырай<sup>1</sup>

<sup>1,3</sup> Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

<sup>2</sup> Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды Университеті

(E-mail: bakyt-enu@yandex.kz, sopyhanova09@mail.ru, ybyray.nursultan@mail.ru)

**Аңдатпа:** Мақалада қазіргі Қазақстан құқығындағы жануарларға қатыгездік жасағаны үшін жауапкершілікке тартуға байланысты өзекті мәселелер қарастырылады. Осыған байланысты жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы заңнаманы бұзу, атап айтқанда жануарға қатысты құқықбұзушылықтар құбылысының өзін зерттеу қажеттілігі туындап отыр.

Зерттеудің мақсаты - Қазақстан Республикасының қазіргі құқықтық жүйесіндегі жануарлармен қарым-қатынастың құқықтық режимін зерттеп, жануарға жауапкершілікпен қарау туралы заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілік түрлерін анықтау, жануарды қатгездік көрсетуден қорғауды құқықтық бақылау, жануарлардың қажеттіліктерін қамтамасыз ету жөніндегі ережелерді және қолданыстағы заңнамаларды жақсарту бойынша ұсыныстар дайындау.

Зерттеудің міндеттері шетелдік заңнамаларға және сот тәжірибесіне, ғалымдардың ой-пікірлеріне сүйене отырып, құқықбұзушылықтардың түрлеріне сипаттама беру және қолданыстағы заңнамаларды жетілдіруге өзіндік авторлық тұжырымдар беру.

Авторлар жануарлардың құқықтық жағдайын талдаудан бастап, жануарларға деген көзқарастан тек заттар ретінде қарамауды, керісінше оларға азап пен эмоцияны сезінуге қабілетті тіршілік иелері ретінде тануға, үй жануарларын ұстау ережелерін бұзған жағдайда, басқалардың қауіпсіздігіне қауіп төндіруі мүмкін болған жағдайда қоғамдық қатынастардың осы саласында жануар иесінің жауапкершілікті нақтылау қажеттілігіне назар аударады.

Қазақстан Республикасы құқығының әртүрлі салалары азаматтық, қылмыстық және әкімшілік құқық белгілеген жануарларға қатыгездік үшін жауапкершілікті талдады.

Жұмыстың нәтижесінде жүргізілген зерттеу авторларға жануарларды басқару ережелерін және үй жануарлары олармен жұмыс істеу ережелерін бұзған жағдайды реттеу саласындағы қолданыстағы заңнама бойынша бірқатар ұсыныстар тұжырымдауға мүмкіндік берді.

**Түйін сөздер:** жануар, үй жануарлары, әкімшілік жауапкершілік, қылмыстық жауапкершілік, жануарға қатыгездікпен қарау, азаматтық жауапкершілік.

## Кіріспе

Жануарларға жауапкершілікпен қарау бұл адамның адамгершілік және ізгілік секілді жеке қасиеттерінің бірі болып табылады. Жануарлармен қарым-қатынас сипаты қоғам өмірінің моральдық, әлеуметтік, экологиялық және экономикалық жағынан көрініс табады. Жануарлармен қарым-қатынастың төмен мәдениеті жануарға қатысты қатыгездік жасау бұл жастардың тәрбиесіне теріс әсерін береді, сонымен қатар азаматтардың көпшілігіне моральдық зиян және экономикалық шығын да келтіруі мүмкін.

Қазақстан заңнамасының соңғы өзгерістері жануарларға қатыгездіктің қылмыстық-құқықтық салдарын азайтып, жазаны күшейту, сондай-ақ жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы Заңның қабылдануы заң шығарушының жануарларды қорғау институттарына назар аударудың белгілі бір бағытының болуы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар бұл актіні қабылдау үй жануарларын ұстауға байланысты қатынастарды ретке келтіру жолындағы маңызды қадам болды.

Осы мәселеге көбінесе зерттеуші ғалымдар, жануарға жанашырлық танытатын практика қолданушылардан «жануарлар құқығы» деген ұғымды немесе белгілі бір дәрежеде жануарларға құқық объектісі немесе субъектісі ретінде жай-күйін бекіту туралы тікелей пікірлер мен ұсыныстарды естуге болады.

Осыған байланысты жануарлар құқығы және жануарларға жауапкершілікпен немесе адамгершілікпен қарау ұғымдары қаншалықты байланысты екендігі туралы мәселені қарастырып, сондай-ақ жануарларға қатысты құқық бұзушылықтар құбылысының өзін зерттеу қажеттілігі туындап тұр.

Қазіргі таңда елімізде жануарларға байланысты қылмыстар фактісі бойынша дәлелдемелерді қалай жинау керектігін, сараптама тағайындау қажеттілігін әлі де болса аз қамтылған, нәтижесінде жануарларға қатыгездік жасау бойынша қылмыстық іс қозғаудан бас тартуға әкеледі. Үй жануарларын ұстауды азаматтық-құқықтық және әкімшілік-құқықтық реттеу мәселелері өзекті болып қала беретінін тағы да атап өтеміз.

Осы саладағы қоғамдық қатынастардың жай-күйіне заң ғылымының өкілдері тарапынан одан әрі сыни талдауды және қолданыстағы заңнаманы жаңғырту жөнінде ұсыныстар әзірлеуді талап етеді.

## Әдіснама

Зерттеу әдісін белгілеу үшін осы салада қолданылатын заңнамаға доктриналық көзқарасты қалыптастыруға көмектесетін іргелі терминдерді (адамгершілік, жауапкершілік) қолдану үлкен маңызға ие. Жануарларға қатыгездікпен қарау құқықбұзушылықтардың түрлеріне, ұғымдарына, жауаптылықтың негіздеріне және жаза түрлеріне сипаттама берілді.

Қатыгездікті (немесе қатыгездікті) анықтауға ерекше назар аударылады. Салыстырмалы-құқықтық әдіс аясында шетел заңнамалары зерттелді.

Жұмыста жалпы таным әдістері қолданылды: салыстыру, талдау, синтез, абстракция, жүйелік, құрылымдық және функционалдық тәсілдер және т. б.

### Нәтижелер мен талқылау

Көптеген өркениетті елдердің мемлекеттік саясатының маңызды бағыттарының бірі ретінде жануарларды қатыгездіктен қорғау болып табылады.

Бүкіл әлемде, оның ішінде Қазақстан Республикасы жануарлардың саулығы жөніндегі дүниежүзілік ұйымға жауапты үкіметаралық ұйым болып табылатын жануарлардың саулығы жөніндегі дүниежүзілік ұйымының құрамына кірген.

Жануарларды қорғау жөніндегі негізгі шаралардың бірі мемлекеттің жануарларды күтіп-бағу жағдайлары, олардың табиғи қажеттіліктерін қанағаттандыру, адамдар мен өзге жануарлардың денсаулығына қауіп төндіруге, айналадағыларға зиян келтіруге жол бермейтін жағдайларды қамтамасыз ету, жануарды қатыгездіктен қорғау туралы және т. б. мәселелерді реттейтін заңнаманың тиісті актілерін қабылдауы болып табылады.

Қазақстанда бірқатар заңдар ауылшаруашылық жануарларын басқару қатынастарын реттейді. Бұл ретте Қазақстан Республикасының заңнамасында бүгінгі таңда ауыл шаруашылығы жануарлар, сондай-ақ оның ішінде еріксіз немесе жартылай ерікті ұсталатын жабайы жануарлардың құқықтық режимі «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңмен реттелінеді [1]. Дегенмен заң шығарушы үй жануарларын бөлек қарастырып, оны реттеуге қатысты мәселелерге назар аударған жөн.

Қазіргі уақытта Қазақстанда жоғарыда аталған мәселелер төмендегідей заңнамалық актілермен реттелді:

1) Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (бұдан әрі- ҚРАК) (124, 246-бабы 6- тармағы, 188, 235, 406, 444 баптары ) [2].

2) Қазақстан Республикасының жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы Заңы (бұдан әрі- ҚРЖЖҚТЗ) [3].

3) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі (бұдан әрі- ҚРӘҚБТК) (143, 407-1,407-2 баптар) [4].

4) Қылмыстық Республикасының Қылмыстық кодексінің (316, 338 баптар) (бұдан әрі- ҚРҚК) [5].

5) Қазақстан Республикасының Ветеринария туралы Заңы (бұдан әрі- ҚРВТЗ) [6].

Объективті себептерге байланысты жануарларға заңды міндеттер жүктелмегендіктен, Қазақстан Республикасының заңнамасы оларды құқықтың объектісі ретінде қарау жолымен жүрді. Өкінішке орай мұндай объектінің ерекше сипатына байланысты (бұл тірі заттар) ретінде нақты айтылмайды.

ҚР Азаматтық кодексінің 124-бабы жануарларды мүлік деп атамайды, бірақ жануарларға мүлік туралы ережелер қолданылатынын айтады. ҚР Азаматтық кодексінің 124-бабының нормасы жануарлармен қарым-қатынасты құқықтық реттеуде негіз болып табылады, оған сәйкес жануарларға заттар туралы ережелер заңдарда өзгеше

белгіленбегендіктен және осы объектінің ерекшеліктерінен туындамағандықтан қолданылады.

Бұл норма қоғамда жиі теріс резонанс тудыруы мүмкін, құқықтың жалпы теориясында құқық субъектілері мен құқық объектілері ерекшеленеді. Субъективті құқықтар мен заңды міндеттер берілген нақты құқықтық қатынастарға қатысушылар (атап айтқанда, жеке тұлғалар, заңды тұлғалар, мемлекет) құқық субъектілері болып табылады. Азаматтық құқық объектісі құқықтық қатынастың не туралы қалыптасатындығы, ол неге бағытталғанындығы (мүлік, жеке мүліктік емес құқықтар, жұмыстар мен қызметтер және т.б.).

ҚРАК 189-бабының 1-тармағы жануарға меншік иесінің мүлікті күтіп ұстау ауыртпалығын көтеруі және жануардың жаңа меншік иесі жануарға қатегездікпен қарайтындығы дәлелденсе, онда жануарды бұрынғы меншік иесі қайтарып алуға негіз болады (ҚРАК 246 бабының 6-тармағы) [2].

Бұл нормалардан біз қараусыз жануарды ұстап алған адамның құқықтарды жүзеге асыру кезінде адамгершілік қағидаттарына қайшы келетін норманы және жануарларға қатыгездікпен қарауға жол берілмейтіндігін байқауға болады.

Жануарлармен жұмыс саласындағы жауапкершілік мәселелері ұлттық заңнамалармен кешенді түрде реттелінеді. Жануарларға қатыгездік жасағаны үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік қарастырылған.

ӘҚБТК-нің 407-1-бабына сәйкес жануарларға қатыгездік жасау егер бұл іс-әрекетте қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілер болмаса жеке тұлғаға бес, лауазымды адамға он АЕК мөлшердегі айыппұлмен, сол сияқты осы әрекет қайталанған болса, жануарларды азаптау - жеке тұлғаға 20 АЕК, лауазымды адамға 40АЕК мөлшердегі айыппұлмен салумен жазаланады [4].

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жануарларға жауапкершілікпен қарау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу 2021 жылы 30 желтоқсандағы Заңы шеңберінде қаралды. Практика қолданушылардың пікірін ескере отырып, азаматтардың бірқатар тілектері аталған заң жобаларында іске асырылды. Осылайша, жануарларға қатыгездік жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілік күшейтіледі. Көп жануарға қатысты немесе адамдар тобы жасаған осындай қылмыс үшін бас бостандығынан айырудың жоғарғы шегі бір жылға дейінгі мерзімге жауапкершілік көзделінді.

ҚРҚК-нің 316-бабына сәйкес, жануарларға олардың мертігуіне әкеп соққан жануарларға қатыгездік жасау 120 АЕК мөлшердегі айыппұлмен немесе сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, 120 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту, не 30 тәулікке дейінгі мерзімге қамауға алумен жазаланады. Сонымен қатар олардың өліміне алып келген қатегездікпен қарау белгілі бір лауазымдықтан атқару қызметпен айналысу құқығынан бір жылға дейін мерзімге, 200 АЕК дейінгі мөлшерде айыппұл, 200 мөлшерде түзеу жұмыстарына, 200 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту, не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады [5].

Үй жануарларына жауапкершілікпен қарауды жүзеге асыратын негізгі бірқатар жаңа нормативтік актілер қабылданды: Мысалы, Қазақстанда есепке алуға жататын үй жануарларының тізбесі 10 түрі қамтылған.

ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің (бұдан әрі- ҚРЭГТРМ) 2022 жылғы 20 мамырдағы бұйрығына сәйкес, Жеке және заңды тұлғаларға меншік құқығымен және өзге де заттық құқықтарымен тиесілі тұлғалар үй жануарларын есепке алу рәсімін деректер базасына тіркеу үшін электронды өтінім беру арқылы үй жануарлары туралы деректерін береді, денсаулық жағдайын, есепке алу бұйымдарының бар-жоғын тексереді, тұқымдық сипатамалары, есепке алу бұйымдарын (құралдарын) орнату, мәліметтерді деректер базасына енгізу, үй жануарына жеке нөмірін беруді қамтиды [7].

Онда үй иттерін, мысықтарды ұстауға, оларды тіркеуге қойылатын талаптар, иттер мен мысықтардың иелеріне арналған міндеттер, тыйымдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының елді мекендерінде қараусыз қалған иттер мен мысықтарды аулауға қойылатын талаптар белгіленеді.

Осы ережелерге сүйене отырып, кейбір жергілікті өзін-өзі басқару органдары өздеріне қатысты ережелерді қабылдады.

Жануарлармен жұмыс істеу кезінде жануарларды қатыгездіктен қорғау қажеттілігін, азаматтардың қауіпсіздігін, оларға жануарлар тарапынан зиян келтіруге жол бермеуді, сондай-ақ жұқпалы ауруларды тасымалдаушы жануарлар болуы мүмкін, сондықтан жұқпалы аурулардан қорғауды да ескеру қажет. Бұл ретте жоғарыда көрсетілген қаулыда негізінен азаматтардың қауіпсіздігін және оларға жануарлар тарапынан зиян келтірілуіне жол бермеуді қамтамасыз ететін нормалар қамтылғанын атап өтеміз.

Осыған байланысты көппәтерлі тұрғын үйдің пәтерінде иттерді, мысықтарды ұстау нормасы белгіленді, сондай-ақ жануарлар иелері үшін тыйымдар мен міндеттері айқындалды.

Сонымен қатар ҚРЭГТР министрінің 2022 жылғы 20 мамырдағы бұйрығына сәйкес, ветеринариялық-санитариялық қағидаларда жануарларды баспаналарда ұстауға қойылатын талаптар белгіленген, атап айтқанда, жануарларды орналастыруға, жабдықтауға, тамақтандыруға қойылатын талаптар, ветеринариялық іс-шаралар және т. б. [8].

Жабайы жануарларға байланысты Қазақстан Республикасында арнайы ҚРЭГТР министрінің қағидасы «жануарларды цирктер мен хайуанаттар бағында ұстаудың жануарларды зоогигиеналық және ветеринариялық-санитариялық қағидаларын бекітті және хайуанаттар бағында, цирктерде, менеджерлерде, жылжымалы хайуанаттар бағында және т.б. жабайы жануарларды ұстауға және (немесе) өсіруге қойылатын талаптарды белгілейді (үй-жайға, ауа (су) температурасына, жануарлардың рационасына және т. б. талаптар)» көзделген [9].

Қазақстанда сирек кездесетін және жойылып кету қатері төнген түрлері, жабайы фауна мен флора түрлерін халықарлық сауда конвенцияға қосымша енгізілген түрлерін жеке және заңды тұлғаларға еріксіз немесе жартылай ерікті жағдайларда ұстауға қолдан өсіруге жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік органы рұқсатымен ҚР шегінде осы жануарларды сатып алуға, өткізуге және айырбастау жүзеге асырылады.

ҚР Экология кодексінің 250-бабына сәйкес, «жануарларды Қазақстан Республикасына әкелу және әкету кезінде экологиялық талаптарды Қазақстан Республикасы заңнамасы және халықаралық шарттарында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады» [10].

Қазіргі азаматтық құқығы аясында жануарлар әлі де заттармен қатар саналады. ҚР Азаматтық кодексінің 124-бабында «Заңдарда өзгеше белгіленбегендіктен, жануарларға заттар туралы жалпы ережелерге бағынады» деген норма белгіленген [2]. Яғни, жануар тек құқық объектісі ретінде танылады, бірақ субъект емес және меншік құқығындағы адамға тиесілі болуы мүмкін. ҚРЖЖҚт Заңының 3-бабында жануардың тіршілігі, саулығы мен амандығы үшін иесінің дербес жауапты болу принципі нақтыланған. Сондықтан адам жануардың тағдыры үшін жауапкершілік мәселесіне саналы түрде қарауы тиіс. Сонымен қатар, қоғамның әрбір мүшесі үй жануарлары мен қаңғыбас жануарларға эмоцияларды, ауырсынуды және азапты сезінуге қабілетті тірі зат ретінде қарау керек екенін түсінуі қажет. Осылайша, қазіргі жануарларға адамгершілікпен қарау заң шығару саясатының бір бөлігіне айналды.

ҚРЖЖҚт Заңы 1-бабының 3- тармағында «жануарға қатыгездікпен қарау» ұғымы енгізілді. Осы нормативтік актіде ол былай түсіндіріледі:

- 1) жануардың өліміне немесе денсаулығына зиян келтіруге әкеп соқтырған немесе әкеп соғуы мүмкін;
- 2) егер бұл жануардың денсаулығына зиян келтірсе, заңда белгіленген жануарларды ұстау талаптарын бұзуы мүмкін;
- 3) жануарды ұстаудан бас тарту әрекеті;
- 4) егер мұндай көмек көрсету мүмкіндігі бола тұра денсаулығына немесе өміріне қауіпті жағдайдағы жануарға көмек көрсетпеу іс-әрекеті.

Бұл ретте, осы көрсетілген 3-тармақтың мағынасына сүйене отырып, жануарды ұстаудан бас тартқаны және оған көмек көрсетпегені үшін жауапкершілік оның иесіне ғана жүктелуі мүмкін. Жауапты тұлға туралы норма осы Заңның 1-бабының 5-тармағына сәйкес егер жануар оған меншік құқығымен не өзге де заңды негізде тиесілі болса жеке және заңды тұлға бола алады.

Заңды тұлға егер ол жануардың иесі болса, жануарға қатыгездік жасағаны үшін жауапты болуы мүмкін деген қорытынды жасауға болады.

Қолданыстағы заңнамалық ережелердегі олқылықтарды анықтау үшін жануарларға қатыгездік үшін жауапкершілік туралы нормаларды қарастырайық.

Ең алдымен азаматтық құқықтық жауапкершілік туралы айтар болсақ, ҚРАК-124-бабында заттар туралы жалпы ережелерге бағынса, әрі қарай, ҚРАК 246-бабы 6-тармағы жануар басқа адамның меншігіне көшкеннен кейін немесе жаңа меншік иесінің жануарды дұрыс ұстамағаны дәлелденсе, онда бұрынғы меншік иесі келісім шарт немесе сот арқылы өзіне қайтарып алу мүмкіндігін белгілейді. Норма мәтінінің өзінде «қатыгездік» термині жоқ, бірақ нормада келтірілген иесінің мейірімсіздік әрекеттері жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы заңда келтірілген қатыгездік анықтамасына сәйкес келеді.

Азаматтық-құқықтық жауапкершілік өтемақы сипаты болып табылады, сондықтан жануарлар дүниесінің объектілері мен оның тіршілік ету ортасына келтірілген зиянды

өтеудегі негізгі мақсат экономикалық және экологиялық зиянды өтеу болып табылады. Осыған байланысты жануарлар дүниесі объектілеріне және оның мекендеу ортасына келтірілген зиянды өтеу азаматтық және жануарлар дүниесі туралы және жануарға жауапкершілікпен қарау туралы заңнама нормаларымен реттелуге тиіс.

Қазақстан заңнамасында жануарларға қатыгездік жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылған, ҚР Қылмыстық кодексінің 316-бабының нормасы жануарларға қатыгездік жасағаны үшін қылмыстық жауапкершіліктің әлеуметтік шарттылығы күмән тудырмайды. Қоғамның мәдени және моральдық деңгейі мен оның мейірімділік пен жануарларды қорғау мәселелеріне назар аударуы арасындағы тікелей байланысты растайды. Жануарларға жасалған қатыгездік көптеген нысандарда болады оған физикалық зорлық-зомбылық немесе азаптау, тастап кету, қараусыз қалу секілді әрекеттері кіруі мүмкін.

Мысалы, Павлодар облысы сотында ҚР Қылмыстық кодексінің 316-бабының 1-бөлігінде көзделген жануарға оның мертігуіне алып келген қатыгездікпен қарау туралы қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген айыппен сот қылмыстық іс қарады, Д.К. азаматша (бала күтімімен үйде отырған) интернет желісінен егерде мысық сірке суды иіскесе ол жерге қайта келмейтіндігін оқып, оның үйінің екінші қабатында қаңғыбас мысық бар екенін есіне алды және өзінің іс-әрекетін жүзеге асыруға тырысты, мысыққа сірке суын шашып, оның мертігуіне (мысықтың көзі көрмей қалуы) әкеп соқты. Жануарға қатгездікпен қарауға бағытталған қылмыстық ниет тудырды [11]. Бұл жерде біз қылмыстық құқық бұзушылықтың мәнін адамның басқа тіршілік иелері үшін сапалы қолайлы тіршілік ету ортасын сақтамау жөніндегі қоғамдық мүдделерге кері әсер ететін өзгерістерді тудыратын ерікті әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) жиынтығы ретінде танылуы мүмкін.

Жануарларға қатыгездіктің құрамының элементтері кез-келген басқа қылмыс сияқты, субъект және субъективті жағы, объект және объективті жағы болып табылады.

Қылмыс объектісі қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастар үй жануары болып табылады. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъектісі - Д.К. азаматша. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың объективті жағы жануарға оның мертігуіне алып келген қатгездікпен қарау әрекеттерді (әрекетсіздіктерді); заңда көзделген салдарлардың басталуын (құқық бұзушылықтардың материалдық құрамдары) қоғамдық қауіпті әрекет (әрекетсіздік) пен оның салдары арасындағы себепті байланысты қамтиды. Субъективті жағы Д.К. азаматшаның әлеуметтік қауіпті әрекетке ішкі психикалық қатынасы, өзінің ойындағы пиғылы жануарға қатыгездігін іске асыру әрекеті болып табылады.

Сот шешімі Д.Х азаматшаға ҚР Қылмыстық кодексінің 316-бабының 1-бөлігінде көзделген қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін кінәлі деп танып, және оған 86250 (сексен алты мың екі жүз елу) теңге сомасында 25 (жиырма бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл түрінде жаза тағайындалды.

ҚРҚК 316- бабының 1 бөлігінде бұл ретте баптың диспозициясы қылмыс тікелей немесе жанама ниетпен жасалуы мүмкін екенін көрсетеді, өйткені адам жануарға қатыгездікпен қарайтынын түсінеді, оның өлу немесе зақымдану мүмкіндігін түсінеді

және олардың басталуын әдейі қалайды немесе олардың басталуына саналы түрде жол береді немесе немқұрайлы қарайды.

R.Lockwood, P.Arkow шетелдік авторлар зерттеулерінде жануарға қатыгездіктің ерекше түрі мотив, тәуекелдік, елемеу, ит төбелесі, өрескел, немқұрайлық, қамап ұстау, термиялық және химиялық күйіктер, доғал заттан жарақат алу, атыс және сынық жарақаттары, асфиксия және суға батыру, улану, жануарларға жыныстық зорлық-зомбылық көрсету түрлерін ашып көрсетті [12].

Авторлар жануарларға қатыгездікке ветеринарлық ден қоюдың медициналық-құқықтық негіздері болуы қажеттілігіне жануарларға қатыгездіктің әрбір кең таралған түрі мотивтін, ниеттің және болашақ тәуекелді бағалаудың ықтимал көрсеткіштері болуы мүмкін. Оларды сот-ветеринарлық патологиялық мұқият тексеру барысында анықтайды.

Жануарларға қатыгездіктің әртүрлі көріністерінде жиі кездесетін патологиялық дәлелдердің нысандарын сот медициналық патологиясын қарастырады. Дәлелдемелердің осы түрлерін түсіну патологиялық болжамды қылмыскердің ықтимал қаупін бағалау үшін маңызды болуы мүмкін байланыстарды сипаттауға көмектеседі.

Жануарларға зорлық-зомбылық қылмыстарын зерттейтін зерттеулер аз, дегенмен кейбір тұрмыстық зорлық-зомбылық немесе улану жағдайында орын алу ықтимал.

Муратова А, Сманова А, Даурембеков Е. өз зерттеулерінде қоғамда жануарға қатыгездікпен қарау, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын-алуды құқықтық деңгейде интегративті күш-жігерді қажет ететіндігіне бірнеше шараларға назар аударды мысалы, әлеуметтік қызметтерді дамыту, бақылауды күшейту, заңдарды қатаңдату, оқиғалар туындағанда тез әрекет ету үшін есеп беру жүйесін құру, мәдениетті дамыту, білім беру жас балаларға ерте жастан жануармен қарым-қатынасында жануар сезімталдықты сезінетін эмоционалды жағдайы бар екендігін саналы түрде түсіндіру, жастар арасындағы зорлық-зомбылықпен күресудің тиімдірек құралдарын жасауға мүмкіндік беретіндігін сипаттады [13]. Тұтастай алғанда авторлардың пікіріне келесе отырып біз жануарға қатгездік мәселелерінің тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты өзектілігі мен маңыздылығын көрсете отырып, қоғамның, отбасының барлық мүшелері жануардың әл-ауқатына жауапты екендігіне және жануарды өзін қауіпсіз сезінетін тіршілік иесі ретінде танылуына басымдық беріліп қорғалуы тиіс екендігіне көз жеткіздік.

Үй жануарларын ұстау ережелерін бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікті бекіту бөлігінде бірқатар пікірталастар туындауы мүмкін. Қоғамда жануарлар адамға, жас балаларға, құстарға шабуыл жасағаны туралы резонастар туындап отырғаны мәлім, жануарларды ұстау кезінде жауапкершілікті нығайту оның тікелей жануар иесіне қатыстылығы айқын.

Әкімшілік жауапкершілік құқықтық жауапкершіліктің бір түрі ретінде айқын тәрбиелік және алдын алу сипатына ие. Мұндай жауапкершілікке тартудың басты мақсаты - тұтастай алғанда барлық құқық бұзушылықтарды жеке және жалпы алдын алуды қамтамасыз ету болып табылады. Адамды әкімшілік жауапкершілікке тарту арқылы оның және басқалардың әлдеқайда елеулі теріс және қауіпті салдарға әкеп



соқтыратын әрекеттерді жасауын алдын алуға болады [14]. Бұл тұрғыда үй жануарларын ұстауға байланысты ережелер мен талаптарды бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік ерекшелік емес, бірақ бүгінде ұлттық заңнама деңгейінде үй жануарлардың адамға шабуыл жасауына жол бергені үшін әкімшілік жауапкершілік туралы нормалар жоқ.

ҚРЖЖҚТ-Заңында жануарадамған немесе жануарға шабуыл жасаған жағдайда қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікке қатер төндіретін жағдайларда жануарға қатыгездікпен қарау болып табылмайды. Бұл норма тікелей жануарға қатыгездікпен қарауға жол бермеуді көздейді, яғни жануар жауапқа тартылмайды, керісінше жануар иесінің жауапкершілігін көздеп отыр.

ҚРӘҚБтК-нің 407-2 бабында жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы заңнамасын бұзу әдістері көрсетілген, олардың әрқайсысы тәуелсіз әкімшілік құқық бұзушылық ретінде қарастырылуы мүмкін.

Біздің ойымызша, мұндай әрекеттер ҚРӘҚБтК-нің 147-1-бабында қарастырылған әкімшілік құқық бұзушылық құрамымен қамтылған. Бұл құқық бұзушылықтың объективті жағы басқа біреудің мүлкін қасақана бүлдіруді және жоюды көздейді.

Қаралып отырған құқық бұзушылық құрамының объективті жағын іске асыру тәсілі жануарды қасақана пайдалану болуы мүмкін. ҚРЖЖҚТ Заң ережелерінде және үй жануарларын ұстаудың бірқатар заңнамалық актілерде қарастырылған. Біздің ойымызша, әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнаманы тиісті ережелерді бұзғаны үшін жауапкершілікті көздейтін нормамен толықтыру қажет. Бұл норма қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікке қол сұғатын құқық бұзушылықтар қатарына жатқызылуы мүмкін. Әкімшілік құқық бұзушылықтың осы құрамының жалпы объектісі осылай көрінеді. Сонымен қатар, үй жануарларының адамға шабуыл жасауына жол бергені үшін заң деңгейінде әкімшілік жауапкершілікті белгілеген жөн. Жануардың адамға шабуыл жасауына жол бергені үшін әкімшілік жауапкершілік мұндай жол беру ниетсіз (тікелей немесе жанама) болған жағдайларда қолданылуы тиіс.

Жекелеген мамандардың пікірінше, егер ит адамның денсаулығына зиян келтірмесе, бірақ оның киіміне зақым келтірсе, кінәлі адамды мысалы, ҚРӘҚБтК-нің 434-бабына сәйкес ұсақ бұзақылық әрекеттері деп танып, жауапқа тартуы мүмкін. Біздің ойымызша, ҚРӘҚБтК-нің 434-бабы бойынша мұндай әрекеттер егер тиісті әрекеттер бұзақылық себептердің осындай салдарын туындауын алдын-ала білмеуі мүмкін болады.

Егер мұндай әрекеттер қасақана белгілі бір адамға мүліктік зиян келтіру мақсатында жасалған болса, онда бұл әрекеттер ҚРӘҚБтК 147-1 бабына сәйкес саралануы тиіс. Азаматтық іс жүргізу қатынастары аясында дәлелдеу ауыртпалығы жәбірленушіге жүктеледі. Егер құқық бұзушының кінәсі әкімшілік процесс шеңберінде белгіленетін болса, онда тиісті материалдар азаматтық процесс шеңберінде залалды өтеуді және моральдық зиянды өтеуді талап ету үшін де пайдаланылуы мүмкін.

Егер адам денсаулығына зиян келтірілсе, онда бұл адам қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

Біз шетелдік тәжірибені зерттеу үшін арнайы іс-сапар барысында Оснабрюк қаласының зерттеуші ғалымдарымен бірлесе жануарлар құқығын зерттеп, ғылыми-практикалық тәжірибе алмастық. Германия мемлекеттінің жануарларды қорғау анағұрлым маңызды

екендігіне көз жеткіздік. Біріншіден, бұл Еуропа елдері жануарларды қорғауға әлдеқайда ертерек қамқорлық жасай бастағандықтан көрінеді, екіншіден, Германияда іс жүзінде қаңғыбас жануарлар жоқ, ал сирек кездесетін жануарлар белгілі бір жерлерде ерекше қорғалып күтімге ие болады.

Сондай-ақ бұл мемлекетте жануарлар құқығы (Tierrechte) ерекше құқық саласы ретінде танылады. Осылайша, Германияның жануарларды қорғауға деген өте маңызды және байсалды көзқарасы көптеген заңдармен, Үкіметтің жануарларды қорғау саласындағы шешуші тәсілімен, сонымен қатар әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік санкциялары және айыппұл көлемі жоғары деңгейде жүзеге асырылады.

Германия жануарларды қорғау бойынша әртүрлі еуропалық конвенцияларды ратификациялаған. Екі жыл сайын федералды үкімет Бундестагқа осы саладағы жағдай туралы есеп беріп отырады.

Германия Конституциясының 20а-бабына сәйкес, «Сондай-ақ болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілігін ескере отырып, мемлекет заңнама арқылы жануарлардың өмірі мен табиғи негіздерін қорғауға тиіс, Заңға және әділеттілікке сәйкес, атқарушылық және сот іс-әрекеттерімен және мұның бәрі конституциялық жүйе шеңберінде жүзеге асырылады» деген норма көзделінген [13]. Германия жануарларды жанды тіршілік иесі ретінде олардың құқығын қорғауға кепілдік беріп, жануарларға жауапкершілікпен қарауды жүзеге асыру үшін Конституция нормаларымен нақтыланғандығына көз жеткіздік.

## Қорытынды

Шетелдік заңнамаларды салыстырмалы-құқықтық зерттеу, теориялық зерттеулер мен ғалымдардың ой-пікірін талқылау нәтижесі және сот тәжірибесі көрсеткендей заңнамалардың кейбір олқылықтарын, қайшылықтарын анықтап, Ұлттық заңнамаларды жетілдіру үшін ұсыныстар ретінде төмендегідей бірқатар заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізуді жөн көрдік.

1) Халықты жануарға ізгілік пен адамгершілікпен қарауға тәрбиелеу жануарға жауапкершілікпен қарауды реттеудің негізгі қағидатын негізге ала отырып ҚРЖЖҚТ Заңның 21-бабына толықтырулар енгізу қажет. Жануар иесі жануарды ұстау кезінде отбасында кәмелетке толмаған балаларына, отбасы мүшелеріне моральдық, эстетикалық, адамгершілік, мейірімділік әдеп нормаларын үйрету және қосымша қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету тиіс. Бұл нормадан біз осылайша адамдардың жануарларға деген менталитеті мен мінез-құлқының қағидалары өзгеруіне мүмкіндік береді деп санаймыз.

2) Халқымыз «Итті жеті қазынаның бірі» ретінде санап, үлкен жауапкершілікпен қараған, сондықтан жанды тіршілік иесі ретінде қорғалуы тиіс.

Жануарларға тұрмыстық зорлық-зомбылық көрсету мысалы тамақтандырмау, күн астына байлап қою, әсіресе ауылды жерлерде иттерді қора, үй жайларды қорғау мақсатында қарауыл ретінде пайдаланады, күні бойы байлауда болуы мүмкін, жануардың табиғи қажеттілігін қанағаттандырмайды. Өкінішке орай бұл әрекеттерді адамдар өмір тіршілігінде қалыпты жағдай деп санайды.

ҚРӘҚБтК 407-2 бабына 4-тармағына толықтырулар енгізу қажет, жаңа редакцияда: «жануарға тұрмыстық зорлық-зомбылық пен қатыгездік егер де бұл іс-әрекетте қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, қолданыстағы норманың жазасы қолданылады, яғни, жеке тұлғаларға он, лауазымды адамдарға - жиырма, заңды тұлғаларға отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

Осылайша, ұсыныстарымыз Қазақстан Республикасының жануарларды қорғау саласындағы заңнамасын жетілдіруге ықпалын тигізеді деп санаймыз.

Мемлекет қоғамда келеңсіз жағдайлар орын алмас үшін осы саладағы халықаралық тенденцияларға назар аударып, шетелдік тәжірибені ескере отырып, тиімдірек жұмыс істейтін нормаларды қалыптастырады.

Әртүрлі мемлекеттер мәдени-өркениеттік дамуына сүйене отырып, жануарларға адамгершілікпен қарау туралы заңнамаларын әзірлейді, қабылдайды, жаңартады және жүзеге асырады. Көбінесе ұлттық заңдары алдымен жануарларға қатыгездіктің не екендігі түсіндіріледі, содан кейін бұл әрекетке тыйым салынады және соңында жаза белгіленеді.

Өркениетті мемлекеттерде әлі де жануарларды қорғау туралы заңнамалары қанша жылдан бері қабылданған. Біздің мемлекетте жануарларды қорғау құқығы құқықтың жаңа саласы ретінде еніп, қалыптасып келеді, дегенмен қалыптасқан деуге әлі ерте, «Көш жүре түзеледі» демекші жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы заңнамаларды жетілдіру мақсатында олқылықтарын жою және норманың орындалуын қадағалау мен қамтамасыз етуді көздейді.

Ғылыми мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылыми комитеті қаржыландыратын АР19679495-«Жануарлардың құқықтық режимін регламенттеу мәселелері: отандық және шетелдік тәжірибе» жобасын іске асыру мақсатында дайындалды.

#### **Авторлардың қосқан үлесі.**

**Жусипова Б.А.** - хат хабар үшін автор, зерттеу барысында шетелдік заңнамаларды салыстырмалы-құқықтық әдістерін пайдаланып, талқылау және нәтижесін, қорытынды тұжырымдарын берді.

**Сопыханова А.Б.** - зерттеу барысында талдау жүргізіп талқылау және нәтижесін, кіріспе бөліміне өзіндік пікір берді.

**Ыбырай Н.Ө.** - зерттеу барысында синтездеу, жүйелік, құрылымдық әдістерін пайдаланып, кіріспе, қорытынды өзіндік тұжырым және аңдатпа, кілті сөздеріне түсініктерін берді.

#### **Әдебиеттер тізімі**

1. «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңы. 2004 жылғы 9 шілдедегі N 593//<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000593> (өтініш берген күні: 06.05.2024)
2. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі.1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000> (өтініш берген күні: 06.05.2024)

3. Қазақстан Республикасының жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы Заңы. 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 97-VII ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2100000097>. (өтініш берген күні:06.05.2024)
4. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі. 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235>. (өтініш берген күні:06.05.2024)
5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226> (өтініш берген күні:06.05.2024).
6. Қазақстан Республикасының Ветеринария туралы Заңы. 2002 жылғы 10 шілдедегі N 339 Заңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000339> (өтініш берген күні:06.05.2024).
7. Үй жануарларын есепке алу қағидаларын және есепке алуға жататын үй жануарларының тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 20 мамырдағы № 169 бұйрығы. [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2200028148\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2200028148_) (өтініш берген күні:06.05.2024).
8. Үй жануарларын ұстаудың және серуендетудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы ҚРЭГТР министрінің 2022 жылғы 20 мамырдағы бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028138> (өтініш берген күні:06.05.2024).
9. Жануарларды жануарларға арналған панажайларда, зоологиялық жатынжайларда, жануарларды уақытша ұстау пункттерінде, жануарларға арналған оңалту орта-лықтарында, зоологиялық питомниктерде, контактiлi зоопарктерде, жылжымалы хайуанаттар бақтарында ұстау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 23 мамырдағы № 175 бұйрығы. [kaz/docs/V2200028206\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028206_) (өтініш берген күні:06.05.2024).
10. Қазақстан Республикасының экология кодексі. 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI ҚРЗ Кодексі. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2100000400>. (өтініш берген күні:07.05.2024).
11. Сот тәжірибесі. <https://office.sud.kz/courtActs/document.xhtml> (өтініш берген күні:07.05.2024).
12. Animal Abuse and Interpersonal Violence: The Cruelty Connection and Its Implications for Veterinary Pathology R. Lockwood [randall.lockwood@aspc.org](mailto:randall.lockwood@aspc.org) and P. Arkow View all authors and affiliations Volume 53, Issue 5 <https://doi.org/10.1177/0300985815626575>
13. Муратова А., Сманова А., Даурембеков Е. (2023). Жестокое обращение с животными как показатель бытового насилия. Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия: Право, 144(3), 63–70. <https://doi.org/10.32523/2616-6844-2023-144-3-63-70>
14. Егезанова Д.Р. Административные правонарушения: проблемы теории и практики. Монография /Алматы: ЖК «LP-Zhasulan»,-2019. -164 б.

**Б.А. Жусипова, А.Б. Сопыханова, Н.О. Ыбырай**

<sup>1,3</sup>*Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева,*

<sup>2</sup>*Карагандинский государственный университет имени Е.А. Букетова*

*(E-mail: bakyt-enu@yandex.kz, sopyhanova09@mail.ru, ybyray.nursultan@mail.ru)*

### **Юридическая ответственность за нарушение законодательства об ответственном обращении с животными**

**Аннотация:** В статье рассматриваются актуальные вопросы, связанные с привлечением к ответственности за жестокое обращение с животными в современном казахстанском праве. В связи с этим возникает необходимость изучения правонарушений в отношении животных, в частности нарушения законодательства об ответственном обращении с животными.

Цель исследования-изучение правового режима обращения с животными в современной правовой системе Республики Казахстан, определение видов ответственности за нарушение законодательства об ответственном обращении с животными, правовой контроль за защитой животного от жестокого обращения, представление предложений по улучшению действующего законодательства по обеспечению прав животных.

Задачи исследования – дать характеристику видов правонарушений на основе зару-бежного законодательства и судебной практики, рассуждений ученых и дать собственные авторские заключения на совершенствование действующего законодательства.

Авторы, начиная с анализа правового положения животных и заканчивая отношением к животным не только как к вещам, но и признанием их существами, способными испытывать страдания и эмоции, обращает внимание на необходимость уточнения ответственности владельца животного в данной сфере общественных отношений в случае нарушения правил содержания домашних животных, возможного угрозы безопасности других.

Различные отрасли права Республики Казахстан проанализировали ответственность за жестокое обращение с животными, установленную гражданским, уголовным и административным правом.

Проведенная работа позволила авторам сформулировать ряд рекомендаций по действующему законодательству в области регулирования правоотношений с животными.

**Ключевые слова:** животное, домашнее животное, административная ответственность, уголовная ответственность, жестокое обращение с животным, гражданская ответственность.

**B. Zhusipova, A. Sopyhanova, N. Ybyray**

<sup>1,3</sup>*L.N. Gumilyov Eurasian National University,*

<sup>2</sup>*Karaganda Buketov University buketov named E.A. Buketov*

*(E-mail: bakyt-enu@yandex.kz, sopyhanova09@mail.ru, ybyray.nursultan@mail.ru)*

### **Legal liability for violation of the legislation on the Responsible Treatment of animals**

**Abstract:** The article deals with topical issues related to bringing to justice for animal cruelty in modern Kazakh law. In this regard, there is a need to study offenses against animals, in particular violations of legislation on responsible treatment of animals.

The purpose of the study is to study the legal regime of communication with animals in the modern legal system of the Republic of Kazakhstan, to determine the types of liability for violation of legislation on responsible treatment of animals, legal control over the protection of animals from erroneous manifestations, to prepare proposals to improve the rules and current legislation to ensure the needs of animals. The objectives of the study are to characterize the types of offenses based on foreign legislation and judicial practice, the reasoning of scientists and to give their own author's conclusions on improving the current legislation.

The authors, starting with the analysis of the legal status of animals and ending with the attitude towards animals not only as things, but also recognizing them as beings capable of experiencing suffering and emotions, draw attention to the need to clarify the responsibility of the animal owner in this area of public relations in case of violation of the rules of keeping pets, a possible threat to the safety of others.

Various branches of the law of the Republic of Kazakhstan analyzed the responsibility for animal cruelty established by civil, criminal and administrative law.

The work carried out as a result allowed the authors to formulate a number of recommendations on current legislation in the field of regulating the situation when pets violate the rules of handling them.

**Keywords:** animal, pet, administrative responsibility, criminal responsibility, animal cruelty, civil responsibility.

## References

1. "Janýarlar dúmesin qorǵaý, ósimin molaıtý jáne paidalaný týraly" Zańy. 2004 jylǵy 9 shildedegi N 593//<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000593> (júgingen kúni 06.05.2024)
2. Qazaqstan Respýblikasynyń azamattyq kodeksi.1994 jylǵy 27 jeltoqsandaǵy № 268-HIII. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000> (etinish bergен kúni:06.05.2024)
3. Qazaqstan Respýblikasynyń janýarlarga jaýapkershilikpen qaray týraly Zańy. 2021 jylǵy 30 jeltoqsandaǵy № 97-VII QRZ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2100000097>. (etinish bergен kúni:06.05.2024).
4. Qazaqstan Respýblikasynyń Ákimshilik quqyq buzýshylyq týraly kodeksi. 2014 jylǵy 5 shildedegi № 235-V QRZ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235>. (etinish bergен kúni:06.05.2024).
5. Qylmystyq Respýblikasynyń Qylmystyq kodeksi. 2014 jylǵy 3 shildedegi № 226-V QRZ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226> (etinish bergен kúni:06.05.2024).
6. Qazaqstan Respýblikasynyń Veterinaria týraly Zańy. 2002 jylǵy 10 shildedegi N 339 Zańy. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000339> (etinish bergен kúni:06.05.2024).
7. Úi janýarlaryn esepke alý qaǵıdalaryn jáne esepke alýǵa jatatyn úi janýarlarynyń tizbesin bekitý týraly Qazaqstan Respýblikasy Ekologiya, geologiya jáne tabıǵı resýrstar ministriniń 2022 jylǵy 20 мамыrdaǵy № 169 buıryǵy. [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2200028148\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2200028148_) (etinish bergен kúni:06.05.2024).
8. Úi janýarlaryn ustaýdyń jáne serýendetýdiń úlgilik qaǵıdalaryn bekitý týraly QREGTR ministriniń 2022 jylǵy 20 мамыrdaǵy buıryǵy. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028138> (etinish bergен kúni:06.05.2024).
9. Janýarlardy janýarlarga arnalǵan panajailarda, zoologialyq jatynjailarda, janýarlardy ýaqytsha ustaý pýnktterinde, janýarlarga arnalǵan ońaltý ortalyqtarynda, zoologialyq pıtomnikterde, kontaktili zooparkterde, jyljymaly haiýanattar baqtarynda ustaý qaǵıdalaryn bekitý týraly Qazaqstan Respýblikasy

Ekologia, geologia jáne tabıǵı resýrstar ministriniń 2022 jylǵy 23 mamyrdaǵy № 175 buuryǵy. kaz/docs/V2200028206(ötinish bergen kúni:06.05.2024).

10. Qazaqstan Respublikasynyń ekologiya kodeksi. 2021 jylǵy 2 qańtardaǵy № 400-VI QRZ Kodeksi. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2100000400>. (ötinish bergen kúni:06.05.2024)

11. Sottəzhiribesi. <https://office.sud.kz/courtActs/document.xhtml> (ötinish bergen kúni:06.05.2024)

12. Animal Abuse and Interpersonal Violence: The Cruelty Connection and Its Implications for Veterinary Pathology R. Lockwood [randall.lockwood@aspca.org](mailto:randall.lockwood@aspca.org) and P. Arkow View all authors and affiliations Volume 53, Issue 5 <https://doi.org/10.1177/0300985815626575> 13. Muratova A., Smanova A., Daurembekov E. (2023). Zhestokoe obrashhenie s zhivotnymi kak pokazatel' bytovogo nasilija. Vestnik Evrazijskogo nacional'nogo universiteta imeni L.N. Gumileva. Serija: Pravo, 144(3), 63–70.

14. Egejanova D.R. Administrativnye pravonarýshenia: problemy teorii i praktiki. Monografiya / Almaty: JK "LP-Zhasulan" , -2019-164b

#### **Авторлар туралы мәлімет:**

**Жусипова Б.А.** – хат-хабар авторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, конституциялық және азаматтық құқық кафедрасының доценті, заң ғылымдарының кандидаты, Сәтбаев көшесі, 2, 010000, Астана, Қазақстан Республикасы.

**Сопыханова А.Б.** - Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының кандидаты, Университетская көшесі, 28, 100028, Қарағанды, Қазақстан Республикасы.

**Ыбырай Н.Ө.** - Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, конституциялық және азаматтық құқық кафедрасының докторанты, Сәтбаев көшесі, 2, 010000, Астана, Қазақстан Республикасы.

**Жусипова Б.А.** - автор для корреспонденции, Кандидат юридических наук, доцент кафедры конституционного и гражданского права Евразийского Национального университета имени Л. Н. Гумилева, ул. Сатпаева, 2, 010000, Астана, Республика Казахстан.

**Сопыханова А.Б.** - Кандидат юридических наук, профессор кафедры теории и истории государства и права, Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, ул. Университетская, 28, 100028, Караганда, Республика Казахстан.

**Ыбырай Н.Ө.** – докторант кафедры конституционного и гражданского права Евразийского Национального университета имени Л.Н. Гумилева, Республика Казахстан, ул. Сатпаева, 2, 010000, Астана, Республика Казахстан.

**Zhussipova B.** - the author for correspondence, Candidate of Legal Sciences, Associate Professor of the Department of Constitutional and Civil Law of L. N. Gumilyov Eurasian National university, Republic of Kazakhstan, Satpayev str., 010000, Astana, Republic of Kazakhstan.

**Sopykhanova A.** Candidate of Law, Professor of the Department of Theory and History of State and Law, Karaganda State University, Universitetskaya str., 28, 100028, Karaganda, Republic of Kazakhstan.

**Ybyray N.** - Doctoral student of the Department of Constitutional and Civil Law of L.N. Gumilyov Eurasian National university, 010000, Astana, Republic of Kazakhstan.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).